

Ә.Ғ. Сағынбай¹ , Р. Қабылқайратқызы^{1*} , Ғ.Р. Даулиева¹ , С.К. Қондыбаева¹ 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, 050040, Қазақстан Республикасы

*e-mail: riszhan_1993@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КЕДЕЙЛІК ТЕРЕҢДІГІ КӨРСЕТКІШІНІҢ ЖҰМЫССЫЗДЫҚҚА ЫҚПАЛЫ

Андатпа.

Экономикалық дамудың көрінісі экономикалық өсумен сипатталады. Дегенмен, экономикалық өсудің қарқынды жылдамдығы елдегі кедейлік пен жұмыссыздықтың азаюына, халықтың әл-ауқатының жоғарылауы сынды әлеуметтік мәселелердің өздігінен шешілуіне кепіл бола алмайды. Қазақстан Республикасының қазіргі таңдағы кедейлік деңгейі - 5,3%, 1 млн 619 мың адам, ал жұмыссыздық деңгейі - 4,7%, 452,2 мың адамды құрайды. Кедейлік пен жұмыссыздық бір-бірінен айқыш байланысқа ие. Бір жағынан жұмыссыздық азаматтардың әлеуметтік жағдайын нашарлатып кедейшілікке әкелсе, екінші жағынан, кедейшілік болашақта жақсы жұмыс табу, білім алу, даму сияқты сапалы адам капиталы үшін керек базалық қажеттіліктерді шектейді. Зерттеу жұмысының мақсаты – кедейлік тереңдігі, жалдамалы жұмысшылар және жұмыссыздықтың көрсеткіштері арасындағы байланысты зерттеп, көпфакторлы сызықтық регрессиялық модельді құру. Модель құру үшін пайдаланылған бағдарламалық жасақтама – Eviews. Зерттеу нәтижелері жұмыссыздық тәуелді айнымалы ретінде жалақыға жұмыс істейтін жұмыскерлер мен кедейшілік тереңдігі тәуелсіз айнымалыларымен тығыз байланысқа ие екенін көрсетті. Модель бойынша жұмыссыздықтың кедейшілік тереңдігі артқан сайын жоғарылайтынын, ал жалақылы жұмыскерлер саны артқан сайын азаятынын көрсетеді деген қорытынды жасауға болады. Зерттеуде жасалынған талдаулар негізінде өмір сүру сапасын арттырудың жолдары көрсетілді.

Негізгі сөздер: экономикалық өсу, жұмыссыздық, кедейлік, жұмыс күші, халықтың әл-ауқаты, өмір сүру сапасы.

Кіріспе.

Қазіргі таңда кедейлік пен жұмыссыздықты жою - Қазақстан қоғамының ең ауқымды және басты міндеттерінің бірі. Зерттеу жұмысының мақсаты – Қазақстан Республикасындағы кедейшілік тереңдігі индикаторының жұмыссыздыққа және жалдамалы жұмысшыларға ықпалын бағалау. Кедейшілікке алып келетін жолдардың бірі – ол жұмыссыздық, дегенмен жұмыссыздық тәуелді фактор ретінде аз қарастырылған. Табыс тұрақсыздығы немесе оның мүлдем жоқ болуының ауыр экономикалық-әлеуметтік салдары болады. Экономикаға геосаяси және көші-қон қысымының ықпалымен Қазақстан Республикасында жұмыссыздық пен кедейліктің өсу қаупі едәуір артуы мүмкін. Бұл, өз кезегінде, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы бойынша аймақтық стратификациясын арттырып, қоғамның әлеуметтік тұрақтылығының бұзылуына әкелуі мүмкін. Ресми деректер бойынша ҚР орта тап өкілдері 3%-дан аспайды делінген, бұл дегеніміз халықтың көп бөлігі кедейлік шегінен төмен немесе сол шекке жақын өмір сүреді дегенді көрсетеді. Еліміздегі кедейлік деңгейі 2023 жылы 5,2%, 1 млн 619 мың адамды, жұмыссыздық деңгейі - 4,7%, 452,2 мың адамды құрады. Бұл ретте кедейлік тереңдігі мен өткірлігі индекстері тиісінше 0,8 бен 0,2% көрсетті [1]. Атап өткен жөн, Дүниежүзілік банк ресми деректері бойынша кедейлік деңгейі елімізде - 15,5% әлдеқайда жоғары. Бұл дегеніміз, кедейлік пен жұмыссыздық мәселесі қазіргі қоғамның ең өткір мәселесіне айналуға [2].

Ұлттық дамудың қазіргі моделі экономикалық өсу қарқынына ғана емес, адами фактордың дамуына да ерекше мән береді. Экономикалық даму халықтың әл-ауқатын және адам ресурстарының сапасын көтеруге бағытталған. Дей тұрғанмен, Miladinov (2020) зерттеулеріне сәйкес, елде өндірілетін тауарлар мен қызметтердің жиынтық құнының, елдің

экономикалық өсу қарқынының жоғары болуы елдегі жұмыссыздық пен кедейлік мәселесін толығымен шешуге қауһарсыз [3].

Елдің тұрақты дамуына ықпал ететін маңызды фактор ол - жұмыссыздық деңгейі. Егер жұмыс күшінің өзгеру қарқыны жоғары болса, және ол дер кезінде жұмыс орындарының табылуымен өтелмесе жұмыспен қамту деңгейі артып, жұмыссыздық өсетінін Adam және басқалары (2022) дәлелдеп өткен. Ал ұсыныс жағына келер болсақ, жұмыс істегісі келетін, жұмыс істеуге дайын адамдарды жұмыспен қамту айтарлықтай уақыт алады, сол аралықта жұмыссыздық деңгейі артады. Яғни нақты жұмыссыз адамдардың тобын осындай жағдайлар күрделендіріп жібереді. Жалпы экономикадағы жоғары жұмыссыздық деңгейі халықтың әл-ауқатының максималды түрде жақсармауына, көтерілмеуіне әкелуі мүмкін екенін Adam және басқалары (2022) зерттеп өткен болатын. Сәйкесінше жұмыссыздық ұлттық табыстың төмендеуін, экономикалық өсудің баяулауын тудырады. Негізінен жұмыссыздықты тудыратын ең басты факторлардың бірі – жұмыс орындарының жетіспеуі. Келесі себебі халық саны артуының жоғары жылдамдығының инвестициялардың өсу қарқынына ілесе алмауы [4].

Ең идеалды жағдайда, Arkun & Amar (2022) ойынша, экономикалық өсу тұрақты және жоғары болса, адам әлеуеті белсенді түрде дамыса, кедейлік пен жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі байқалатын болса, елдің дамуы сәтті болады деп есептеледі. Arkun & Amar (2022) зерттеулеріне сәйкес, кедейлік пен жұмыссыздық елдің немесе аймақтың экономикалық өсуі мен дамуында өте елеулі рөл атқарады. Егер осы жылдағы өндірілген өнімдер мен тауарлардың өндірісі алдыңғы жылға қарағанда жоғары болса, мемлекетте экономикалық өсім бар деп есептеледі Елдің немесе аймақтың дамуының негізгі көрсеткіші кедей халықтың санының азаюы болып табылады. Кедей халықтың санын азайтудың басты басымдығы елдегі даму стратегиялары мен құралдарын дұрыс таңдауда көрінеді, яғни ұлттық даму секторының негізгі мақсаты кедейлік деңгейін азайту, халықтың әл-ауқатын көтеруде айшықталады. Егер мемлекеттік өсу кедейлік деңгейінің төмендеуімен қатар жүрсе, мемлекет айтарлықтай алдыға жылжыды деген сөз [5].

Жұмыссыздықты төмендетудің тиімді теориялық стратегиялары Dinar және басқаларының (2022) пікірінше, әлеуметтік-экономикалық әдістерге, атап өткенде, жұмыспен қамту жайлы сенімді ақпарат беруге, тегін кәсіптік білім беруді ұйымдастыруға, білім беру және кәсіпкерлік бағдарламалардың мониторингін және жалпы қоғам көлемінде ақпараттық сауаттылықты қамтамасыз етуге негізделген [6].

Жұмыссыздықтың жоғары деңгейі кедейліктің өсуіне тікелей әсер ететін маңызды фактор. Қазіргі таңда қалада кедей халық үлесі күннен күнге артып отыр. Бұл ойландыратын жағдай. Кедейлікті көп жағдайда ең негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыра алмайтын ең төменгі табыс ретінде сипаттайды. Faizin & Moh (2021) зерттеуі бойынша, халықтың әл-ауқаты кедейлік деңгейімен анықталады. Кедейлік деңгейіне кірістер мен тұтыну құрылымы, оның ішінде азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды тұтыну деңгейі әсер етеді, өйткені азық-түлік емес шығындарға кірістерді бөлу халықтың әл-ауқатының өсуін көрсетеді. Сонымен қатар, кедейшілік ең төменгі қажеттілік тамақтану, киім-кешектен бөлек, денсаулық сақтау, білім беру бойынша да қажеттіліктерді өтей алмаумен есептеледі. Және де кедейшілік тек қана табыс деңгейінің төмен болуымен ғана өлшенбейді, сонымен қатар адам құқығының қорғалмауымен, әлеуметтік-экологиялық аспектілермен, қоғамдық өмірге араласу мүмкіндіктерімен, сананың шектелуімен де ерекшеленеді [7].

Somba және басқаларының (2021) ойынша, жұмыссыздық дегеніміз жұмыс күшінің саны мен жұмыс күшін нақты пайдалану арасындағы айырмашылық. Олар өз еңбектерінде ашық жұмыссыздыққа ерекше тоқталып, аражігін ажыратып берді. Олардың еңбектерінде ашық жұмыссыздықтың деңгейі жұмыссыздардың санының жалпы жұмыс күші санына пайыздық бөлінісі ретінде түсіндіріледі. Бұл дегеніміз, ашық жұмыссыздыққа жұмысы жоқ

бірақ жұмыс іздестірудегі адамдар, жұмысы жоқ бірақ жеке кәсібін ашуға дайындалып жүрген адамдар, жұмысы жоқ болса да жұмыс іздемейтін адамдар (себебі олар жұмыс табудан күдерін үзіп қойғандар) және сондай ақ, жұмыс тапқан бірақ әлі де жұмысқа ресми орналасып үлгермеген адамдар тобы кіреді [8].

Қазақстандық ғалымдардан Мұхамедиев Б.М. және басқалары (2022) "Табыс теңсіздігі мен экономикалық өсу тенденциялары: библиометриялық талдау" еңбегінде экономикалық өсудің халықтың табыстарына әсерін талдаға ерекше көңіл бөлді. Сонымен қатар, автор халықтың әл-ауқаты, өмір сүрі деңгейі мен сапасына әсер етуші негізгі факторлар табыс теңсіздігі мен кедейліктің негізгі себептерін ажыратып берді. Табыс теңсіздігін әртүрлі көрсеткіштер арқылы моделдеді [9].

Күзембекова Р.А. & Жаңбырбаева А.Н. (2022) "Алматы облысының ауылдық аумақтары кедейлігінің әлеуметтік-экономикалық факторлары және оларды реттеу перспективалары" еңбегінде әлеуметтік-экономикалық факторлардың ауылдық аймақтардың кедейлік пен жұмыссыздық деңгейіне әсеріне аса назар аударды. Зерттеу нәтижелері бойынша ауылдық жерлердегі жұмыссыздық пен кедейлікті азайтудың негізгі жолдарын көрсетіп, осы мәселелерді реттеу басымдықтарын ұсынды [10].

Кедейлік пен жұмыссыздық мәселесі әрқашан ғалымдар үшін пікірталас тудыратын өзекті проблемалардың бірі. Бүгінгі күнге дейін халықтың әл-ауқатын, өмір сүру сапасы мен деңгейін көтеру сынды әлеуметтік мәселелер көптеген ғалымдардың еңбегінен көрініс тауып, бұл проблема әлі де толық шешімі табылмаған күйінде қалып отыр. Дегенмен, алдыңғы жылдардағы ғалымдардың еңбектеріне шолу жасау арқылы, Қазақстан Республикасындағы кедейшілік тереңдігі индикаторының жұмыссыздыққа және жалдамалы жұмысшыларға ықпалын бағалауға арналған зерттеулердің мүлдем жоқ екені анықталды. Жоғарыда келтірілген жұмыссыздық деңгейі, кедейшілік тереңдігі, жалдамалы жұмысшылар үлесі арасындағы байланысты ескере отырып, келесі гипотезалар тексеріледі:

H0: Кедейшілік тереңдігі жұмыссыздық деңгейіне оң әсер етеді

H1: Жалдамалы жұмысшылар жұмыссыздық деңгейіне теріс әсер етеді

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу процесінде авторлар жалпы Қазақстан Республикасы бойынша «кедейшілік тереңдігі», «жалдамалы жұмысшылар» және «жұмыссыздықтың» 1996-2022 жылғы пайыздық көрсеткіштері негізінде айнымалылар арасындағы байланысты зерттеп, модель құру үшін көпфакторлы сызықтық регрессия моделін пайдаланды. Модель құру үшін пайдаланылған бағдарламалық жасақтама – Eviews.

Модельге қолданылған статистикалық көрсеткіштер Ұлттық Статистика бюросы мен Ұлттық банк ресми дереккөздерінен алынды. Бұл жұмыссыздық деңгейі, жалақыға жұмыс жасайтын жалпы халық үлесі және кедейлік тереңдігі.

Көпфакторлы талдау экономикалық-статистикалық зерттеулерде пайдаланылады және оның жалпы көрінісі келесідей (біздің мысалда үш фактор):

$$Y = c + a_1x_1 + a_2x_2 \quad (1)$$

Бұл жерде

Y – тәуелді не түсіндірілетін айнымалы;

x_n - тәуелсіз немесе түсіндіруші айнымалылар;

C – константа, кездейсоқ құрам.

Бұл жердегі міндеті a_n бағалау. Жиналған статистикалық мәліметтерді Excel-ге жинап, EViews бағдарламасына енгізу арқылы, жоғарыдағы формула бойынша, көпфакторлы регрессиялық теңдеу құрылады. Авторлар таңдап алған базалық факторлар «нәтижелер және оларды талқылау бөлімінде» толық берілген.

Көп жағдайда экономистер кедейлік көрсеткіштерін талдағанда кедейлік тереңдігіне аса назар аудармайды. Ресми мәліметтер бойынша, еліміздегі орта тап өкілдері үлесі 3%-

дан аспайды делінген, бұл халықтың көпшілігі кедейлік шегінен төмен деңгейде немесе сол аралыққа жақын жерде орналасқан дегенді білдіреді [1]. Кедейлік тереңдігінің индексі - кедей халықтың кедейшілік шегінен қаншалықты алшақта орналасқанын көрсететін индекс. Яғни кедей халықтың қаншалықты кедейшілікте өмір сүріп жатқанын көрсететін бірден бір маңызды индекс.

Сонымен қатар зерттеуде экономикалық және статистикалық әдістер қолданылады, соның ішінде: құбылыстар мен процестерді анықтау, синтез және талдау, экономикалық көрсеткіштерді статистикалық талдау, индукция және шегерім, абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштер.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Кесте 1 – ҚР Жұмыссыздық, жалдамалы жұмысшылар, кедейліктің тереңдігінің 1996-2022 жылдардағы көрсеткіштері

Years	Unemp.	Salaried workers	Povertydepth
1996	12,96	57,672	11,4
1997	13,01	57,48	12,1
1998	13,13	57,506	12,8
1999	13,46	57,74	13,7
2000	12,75	58,405	10,3
2001	10,43	59,113	14,8
2002	9,33	61,032	13,3
2003	8,78	61,623	10,2
2004	8,4	63,055	8,3
2005	8,13	64,362	7,5
2006	7,79	64,938	3,9
2007	7,26	65,579	2,4
2008	6,63	66,514	2,3
2009	6,55	66,557	1,3
2010	5,77	67,006	1,1
2011	5,39	67,546	0,9
2012	5,29	68,649	0,5
2013	5,2	69,58	0,4
2014	5,06	71,446	0,4
2015	4,93	73,037	0,3
2016	4,96	73,345	0,4
2017	4,9	73,609	0,4
2018	4,85	73,979	0,7
2019	4,8	74,169	0,7
2020	4,89	74,154	0,8
2021	5,572	74,245	0,8

2022	4,86	74,36	0,8
Ескерту: авторлармен [1] дереккөзі негізінде жасалған			

Жиналған статистикалық мәліметтерді Excel-ге жинап, EViews бағдарламасына енгізіп, айнымалылардың мәнділігін тексереміз (1-сурет).

Dependent Variable: UNEMP
Method: Least Squares
Date: 04/16/24 Time: 10:03
Sample: 1996 2022
Included observations: 27

Variable	Coefficient	Std. Error	t-Statistic	Prob.
C	25.06368	5.269336	4.756515	0.0001
SALARIED WORKERS	-0.280147	0.073432	-3.815062	0.0008
POVERTYDEPTH	0.239278	0.084589	2.828721	0.0093
R-squared	0.908551	Mean dependent var	7.595630	
Adjusted R-squared	0.900930	S.D. dependent var	3.079002	
S.E. of regression	0.969127	Akaike info criterion	2.879597	
Sum squared resid	22.54098	Schwarz criterion	3.023579	
Log likelihood	-35.87456	Hannan-Quinn criter.	2.922411	
F-statistic	119.2205	Durbin-Watson stat	0.587245	
Prob(F-statistic)	0.000000			

Сурет 1 – EViews бағдарламасымен тәуелсіз айнымалыларды бағалау

Ескерту: авторлармен EViews бағдарламасында құрастырылған

1-суреттен көріп тұрғанымыздай, жұмыссыздық тәуелді айнымалы ретінде жалақыға жұмыс істейтін жұмыскерлер мен кедейшілік тереңдігі тәуелсіз айнымалыларымен тығыз байланысқа ие, $R=0,908$, ал F-statistics 119,2 беріп тұр. Әр айнымалы t-критерийі бойынша мәнді. Salaried workers= -3,8, Poverty depth=2,8.

Айнымалылардың корреляциялық байланысы келесідей:

	UNEMP	SALARIED...	POVERTY...
UNEMP	1.000000	-0.937049	0.923630
SALAR...	-0.937049	1.000000	-0.907342
POVE...	0.923630	-0.907342	1.000000

Сурет 2 – Тәуелсіз айнымалылардың корреляциясы

Ескерту: авторлармен EViews бағдарламасында құрастырылған

Үш айнымалының корреляциялық байланысы 3-суретте көрсетілгендей жоғары. Сонымен, келесідей теңдеуді аламыз:

$$Unemp = 25,06 - 3,8Salwork + 2,8Povdepth \quad (2)$$

Теңдеуіміз жұмыссыздықтың кедейшілік тереңдігі артқан сайын жоғарылайтынын, ал жалақылы жұмыскерлер саны артқан сайын азаятынын көрсетіп отыр. Демек, гипотеза дәлелденді.

Кедейлік тереңдігі - кедей халықтың кедейшілік шегінен қаншалықты алшақта орналасқанын көрсететін, кедей халықтың қаншалықты кедейшілікте өмір сүріп жатқанын көрсететін маңызды көрсеткіш. Демек модель нәтижесі бойынша, кедей халықтың табысы

кедейшілік шегінен төмендеген сайын (кедей халық одан ары кедейленген сайын) жұмыссыздық деңгейі жоғарылайды (жұмыссыз халық саны артады).

Статистикада жұмыспен қамтылған халық тобын екіге бөліп қарастырады: жалақылы жұмыскерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтып отырғандар. Еңбек нарығындағы негізгі мәселелердің бірі өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық саны үлесінде табысын жасыру, ресми тіркелмеу сияқты көлеңкелі экономика түрлері көптеп кездеседі. Сол себептен бұл көрсеткішті алып зерттеу шынайы нәтижені көрсетпейтіні анық. Сондықтан модель қорытындысы бойынша, ресми тіркелген жалақыға жұмыс істейтін халық саны артқан сайын, жұмыссыздық деңгейінің азаятыны дәлелденді.

Келесі кезекте модельде қолданылған көрсеткіштерімізді толығырақ талдасaq:

Төмендегі 2-кестеде соңғы 2017-2022 жылдардағы өмір сүру деңгейін көрсететін негізгі индикаторлар келтірілген.

Кесте 2 – ҚР халықтың тұрмыс деңгейінің индикаторлары


	2017	2018	2019	2020	2021	2022
кедейлік деңгейі %	2,7	4,3	4,3	5,3	5,2	5,2
қала	1,2	2,5	2,7	3,7	3,8	4,0
ауыл	4,6	6,7	6,6	7,6	7,2	7,3
табысы азық-түлік қоржыны құнынан төмен халық %	0,1	0,1	0,1	0,2	0,1	0,1
қала	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1
ауыл	0,3	0,2	0,2	0,2	0,2	0,1
кедейлік тереңдегі, %	0,4	0,7	0,7	0,8	0,8	0,8
кедейлік өткірлігі, %	0,1	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2
Үй шаруашылықтарының табыстар (орта есеппен жан басына, теңге)	48 619	53 224	57 725	61 358	69 038	79 223
қала	54 659	60 034	66 207	67 591	76 024	86 252
ауыл	40 502	43 919	45 829	52 398	58 863	67 899
халықтың атаулы ақшалай табыстары (орташа жан басына) теңге	83 710	93 135	104 282	116 126	130 616	157 017
нақты ақшалай табыстар индексі, %	101,8	105,0	106,4	104,3	104,0	104,5
корлар коэффициенті, есе	5,9	6,0	6,0	5,9	6,0	5,7
Джини индексі	0,287	0,289	0,290	0,291	0,294	0,285
медиандық деңгейдегі табыстардан 60% төмен табысы бар халық %	10,1	10,0	9,7	9,9	8,7	8,7
Ескерту: авторлармен [1] дереккөзі негізінде жасалған						

2-кесте бойынша жан басына шаққандағы үй шаруашылығының тұтынуға пайдаланылған табысы 2017-2022 жылдары салыстырғанда 62,9% -ға, 2017 жылғы 48 619 тг-ден 2022 жылы 79 223 тг-ге ұлғайды. Бұндай өсім ауылда да қалада да байқалды.

Сонымен қатар, халықтың атаулы ақшалай табыстары 2017жылы 83 710 тг-ден 2022 жылы 157 017 тг-ге артты. Өсім 73 307 теңгеге артты, өсу қарқыны 87,57% құрады. Соңғы 6 жылда елімізде кедейлік деңгейі 2,7%-дан 5,2%-ға ұлғайды. Яғни кедей халықтың үлесі артты.

2-кесте негізінде 3-суретте 1996-2022 жылдарға арналған кедейлік деңгейінің сызбасы тұрғызылды.

Өмір сүру сапасын анықтайтын ең негізгі фактордың бірі – кедейлік деңгейі. Ол табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі арқылы анықталады. 2023 жылы ең төменгі күнкөріс мөлшері – 40 567 тг.



Сурет 3 – 1996-2022 жылдардағы кедейлік деңгейі, қала, ауыл

Ескерту: авторлармен [1] дереккөзі негізінде жасалған

3-сурет негізінде мынадай қорытындыға келе аламыз, көріп тұрғанымыздай, күн көріс минимумынан төмен табыс қала халқына қарағанда ауыл халқында басым.

Соңғы 6 жылда (2017-2022) елімізде кедейлік деңгейі 2,7% дан 5,2% ға жоғарылаған, яғни 2,5% ға өскен. Бұл көрсеткіш қала халқында 2017 жылы 1,2% дан 2022 жылы 4,0% -ға жоғарылаған (2,8%-ға өскен), ал ауыл халқында 2017жылы 4,6%-дан 7,3%-ға өскен (2,8-ға өскен).

Кедейлік деңгейінің соңғы 6 жылда жоғарылауына бірнеше факторлар әсер етуі мүмкін. Атап айтқанда, табысы күнкөріс деңгейінен төмен саналатын үй шаруашылықтарының санының артуы, яғни көпбалалы отбасылар көбейіп, үй шаруашылықтарының табысы аз мөлшерде ғана өсуі, немесе инфляция салдарынан азық-түлік, ең бірінші қажеттіліктегі тауарлардың бағасының айтарлықтай дәрежеде өсуі себеп болуы мүмкін.

Төмендегі 3-кестеде соңғы 2017-2022 жылдардағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары көрсетілген.


Кесте 3 – ҚР еңбек нарығының соңғы 2017-2022 жылдардағы негізгі индикаторлары

	2017	2018	2019	2020	2021	2022
жұмыс күші (мың адам)	9 027,4	9 138,6	9 221,5	9 180,8	9 256,8	9 429,8
жұмыспен қамтылған халық, (мың адам)	8 585,2	8 695,0	8 780,8	8 732,0	8 807,1	8 971,5
жалдамалы қызметкерлер (мың адам)	6 485,9	6 612,5	6 681,6	6 686,7	6 710,2	6 847,3
өзін-өзі жұмыспен қамтыған	2 099,2	2 082,5	2 099,2	2 045,4	2 096,9	2 124,2

қызметкерлер (мың адам)						
жұмыссыздар саны (мың адам)	442,3	443,6	440,7	448,8	449,6	458,3
жұмыссыздық деңгейі %	4,9	4,9	4,8	4,9	4,9	4,9
жастардың жұмыссыздығы (%, 15-24)	3,8	3,7	3,6	3,8	3,7	3,8
жастар жұмыссыздығы (%, 15-28)	3,9	3,8	3,7	3,8	3,8	3,8
жұмыс күші құрамына кірмейтін халық саны (мың адам)	3 927,3	3 907,3	3 934,0	4 076,8	4 093,3	4 301,4
Ескерту: авторлармен [1] дереккөзі негізінде жасалған						

3-кесте бойынша, жұмыс күші 2017 жылы 9027,4 мың адамнан 2023 жылы 9 429,8 мың адамға дейін өскен. Өсу қарқыны 5,6%-ды құрады. Жұмыспен қамтылған халық өсу қарқыны 2017-2022 жылдары 5,8%-ды құрады. Жалақыға жұмыс істейтіндердің өсу қарқыны 6,3%, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санының өсу қарқыны соңғы 6 жылда 4,2%-ды құрады.

Ал жұмыссыздық деңгейіне келер болсақ, 2017-2022 жылдары 4,9% -дан 4,7%-ға тұрақты түрде төмендеген. Төмендегі 4-сурет 3-кесте негізінде тұрғызылды.



Сурет 4 – 1996-2022 жылдардағы жұмыссыздық деңгейі

Ескерту: авторлармен [1] дереккөзі негізінде жасалған

4 - суретті талдай келе, 1996 жылдан бастап 2022 жылға дейін жұмыссыздық деңгейі, 15-28, 15-24 жастар аралығындағы жұмыссыздық деңгейлері, үш көрсеткіш те айтарлықтай тұрақты, бірқалыпты төмендеп отырғанын көре аламыз. Бұған минималды айлықтың өсуі, жалпы экономикалық өсімнің жақсы болуы, елдегі оң өзгерістерді себеп деген пікірдеміз.

Қорытындылай келе, құрылған модель бойынша теңдеуіміз жұмыссыздықтың кедейшілік тереңдігі артқан сайын жоғарылайтынын, ал жалдамалы жұмысшылар саны артқан сайын азаятынын дәлелдеді. Демек, алынған гипотеза расталды, дәлелденді.

Кедейлік тереңдігі - кедей халықтың кедейшілік шегінен қаншалықты алшақта орналасқанын көрсететін, кедей халықтың қаншалықты кедейшілікте өмір сүріп жатқанын көрсететін маңызды көрсеткіш. Демек модель нәтижесі бойынша, кедей халықтың табысы кедейшілік шегінен төмендеген сайын (кедей халық одан ары кедейленген сайын) жұмыссыздық деңгейі жоғарылайды (жұмыссыз халық саны артады).

Статистикада жұмыспен қамтылған халық тобын екіге бөліп қарастырады: жалақылы жұмыскерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтып отырғандар. Еңбек нарығындағы негізгі мәселелердің бірі өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық саны үлесінде табысын жасыру, ресми тіркелмеу сияқты көлеңкелі экономика түрлері көптеп кездеседі. Сол себептен бұл көрсеткішті алып зерттеу шынайы нәтижені көрсетпейтіні анық. Сондықтан модельде жалдамалы жұмысшылар факторы зерттелінді. Модель қорытындысы бойынша, ресми тіркелген жалақыға жұмыс істейтін халық саны артқан сайын, жұмыссыздық деңгейінің азаятыны дәлелденді.

Халықтың әл-ауқатын көтеретін ең басты құралдар – халықты жұмыспен қамту мен кедейлік деңгейін төмендету болып табылады. Зерттеуде жасалынған талдаулар негізінде төмендегідей өмір сүру сапасын арттырудың жолдары көрсетіледі:

1. Халықты жоғары жалақылы жұмыспен қамту. Бұл үшін елімізде «Бизнестің жол картасы – 2025» жұмыс жасайды. Жалақының сапалы жоғары болуына инфляция деңгейі мен азық-түлік бағамы әсер етеді. Сол себепті фискалды саясат арқылы инфляцияны түсіру мен азық-түлік бағасындағы қымбаттаушылықты реттеп отыру қажет.

2. Шет елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, білімге жұмсалатын мемлекеттік шығындарды ЖІП –нің 10% мөлшеріне сәйкестендіру. Білімге, әсіресе ғылыми-зерттеу жұмыстарына бөлінетін қаражатты көбейту, ЖОО –дағы теориялық қана емес, практикалық зерттеу жұмыстарына көбірек көңіл бөлу қажет.

3. Әсіресе ауыл халқын қажетті азық түлікпен қамтамасыз етіп отыру, бұл үшін аграрлы секторға көбірек көңіл бөлу. Отандық өнімді өндіруші кәсіпорын, компанияларға салықтық жеңілдіктер, босатулар, субсидиялар арқылы отындық өнімге қолдау көрсету қажет. Гипер-, супермаркеттердің алдыңғы сөрелерінен отандық өнім өндіруші кәсіпкерлерге орын беру.

4. Халықты әлеуметтік қорғау саясатына көбірек көңіл бөлу. Мемлекеттен төленетін әлеуметтік көмектер мөлшерін арттыру. Ерекше қажеттілікке ие, аз қорғалған халықты жұмыспен қамту мақсатында, жұмыс беруші кәсіпорындарға субсидиялар мен гранттар үлестіру.

5. Еліміздегі халықтың экономикалық белсенді өкілдерінің өте көп шоғырланған орны Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға арналған жаңа мақсатты бағдарламаларды жүзеге асыру. Шағын және орта кәсіпкерлікті Қазақстан өңірлеріндегі жұмыссыздық пен кедейлікті төмендету құралы ретінде пайдалану. Жаңа жұмыс орындарының ашылуын қамтамасыз ету үшін мемлекет арқылы грантттық бағдарламалар жүзеге асыру қажет.

Қорытынды.

Кедейшілік пен жұмыссыздық бір-бірінен айқыш байланысқа ие. Бір жағынан жұмыссыздық азаматтардың әлеуметтік жағдайын нашаралатып кедейшілікке әкелсе, екінші жағынан, кедейшілік болашақта жақсы жұмыс табу, білім алу, даму сияқты сапалы адам капиталы үшін керек базалық қажеттіліктерді шектейді.

Еңбек нарығында сапалы ұсыныс болуы үшін, халықтың тұрмыс-деңгейін көтеру мемлекеттік бағдарламалардың өзекті бағыты. Жұмыссыздық деңгейі соңғы бірнеше жылы табиғи деңгейде бара-бар тұрғанымен жасырын жұмыссыздық деңгейі одан бірнеше есе жоғары болуы мүмкін, бұған соңғы жылдары шыққан өзін-өзі жұмыспен қамтушылар санаты себепші, себебі нақты жұмыссыздық деңгейі айқын емес. Сонымен қатар жұмыссыздық деңгейін есептеу тәсілінде ресми түрде жұмыссыз ретінде барып тіркелгендердің кіруі, сайып келгенде, солай тіркелу керек екенінен бейхабар азаматтар бар

екенін, я болмаса оны қажет деп таппайтын азаматтар бар екенін көрсетеді. Облыс, аудандарда, алыс ауыл-аймақтарда жеке үй шаруашылығына арқа сүйейтін отбасылар баршылық, оларды өздерін қамтушы үй шаруашылығы ретінде санау нақты халықтың тұрмыс деңгейі қаншалықты деңгейде екенін анықтауда кедергі келтіреді.

Бұл жұмыста кедейлік пен жұмыссыздықтың көрсеткіштері арасындағы байланыс зерттеліп, көпфакторлы корреляциялық және регрессиялық модель құрылды. Сонымен қатар жұмыссыздық пен кедейлік көрсеткіштерінің экономикалық-әлеуметтік индикаторларына талдау жасалынды.

Модель қорытындысы бойынша тендеуіміз жұмыссыздықтың кедейшілік тереңдігі артқан сайын жоғарылайтынын, ал жалдамалы жұмысшылар саны артқан сайын азаятынын дәлелдеп, гипотезаларды растады.

Кедейлік тереңдігі - кедей халықтың кедейшілік шегінен қаншалықты алшақта орналасқанын көрсететін, кедей халықтың қаншалықты кедейшілікте өмір сүріп жатқанын көрсететін маңызды көрсеткіш. Демек модель нәтижесі бойынша, кедей халықтың табысы кедейшілік шегінен төмендеген сайын (кедей халық одан ары кедейленген сайын) жұмыссыздық деңгейі жоғарылайды (жұмыссыз халық саны артады).

Зерттеуде жасалынған талдаулар негізінде өмір сүру сапасын арттырудың, жұмыссыздық пен кедейлік көрсеткіштерін азайтудың жолдары нақтыланып, негізгі бөлімде көрсетілді.

Зерттеу тақырыбы әрқашан өзекті болған, әсіресе соңғы жылдардағы әлемдік дағдарыс салдарынан халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейінің көрсеткіштерінің төмендеп кетуімен байланысты. Қазіргі таңдағы мемлекеттің жұмыссыздық пен кедейшілік деңгейін төмендету бойынша атқарылып жатқан айтулы жұмыстарына қарамастан, бұл мәселе әлі де өзекті, әрі толығымен шемілмеген қалпында қалуда.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. [Электрондық ресурс] — URL: <https://stat.gov.kz> (қаралу уақыты: 10.04.2024)
- 2 World bank (2022). The World Bank in Kazakhstan: Development news, research, data. The world bank, Kazakhstan, 2022 [Электрондық ресурс] — URL: <https://www.worldbank.org/en/country/kazakhstan> (қаралу уақыты: 11.04.2024)
- 3 Miladinov, G. (2020). Socioeconomic Development and Life Expectancy Relationship: Evidence From the EU Accession Candidate Countries. Genus. 76(1). 2. <https://doi.org/10.1186/s41118-019-0071-0>
- 4 Adam, D., Olingo, F.Z., & Santoso, I.R. (2022). Analysis of the influence of Education and unemployment on poverty in the North-North cooperation area. 8(1). P.97-111. <https://doi.org/10.35906/jep.v8i1.1039>
- 5 Arkum, D., & Amar, H. (2022). The Influence of Economic Growth, Human Development, Poverty and Unemployment on Income Distribution Inequality: Study in the Province of the Bangka Belitung Islands in 2005-2019. Journal Bina Praja. 14(3). P. 413-422. <https://doi.org/10.21787/jbp.14.2022.413-422>
- 6 Dinar, M. I., Sifa, N., & Nurfahmiyati, N. (2022). Strategies in overcoming unemployment due to COVID-19 in Sukagalih Village, Bandung City. Bina Ekonomi: Scientific Magazine Of The Faculty Of Economics, Parahyangan Catholic University. 26(1). P. 63-75. <https://doi.org/10.26593/be.v26i1.5440.63-75>
- 7 Faizin & Moh. (2021). Effect of Minimum Wage, poverty and unemployment on HDI in East Java regency/ City. Journal of Ocean Economics and business. 12(2) P. 214-227. <https://doi.org/10.33059/jseb.v12i2.3027>
- 8 Soma A., Later D.S. M., & Sumual J.I. (2021). Analysis of the effect of unemployment and poverty on economic growth in North Sulawesi. Efficiency. 21(5). P. 63-74. <https://ejournal.unsrat.ac.id/v3/index.php/jbie/article/view/36632>
- 9 Mukhamediyev, B.M., Temerbulatova, Z.S., & Gazda, J. (2022). Trends in Income Inequality and Economic Growth: a Bibliometric Analysis. Economics: the Strategy and Practice. 17(4). P. 158-169, <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-4-158-169>
- 10 Kuzembekova R.A., & Zhanbyrbaeva A.N. (2022) Socio-economic factors of poverty in rural areas of Almaty region and prospects for their regulation. Economics: the strategy and practice. 17(3). P. 81-95. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-3-81-95>

**ВЛИЯНИЕ ИНДЕКСА ГЛУБИНЫ БЕДНОСТИ НА БЕЗРАБОТИЦУ В
РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН****Аннотация.**

Проявление экономического развития характеризуется экономическим ростом. Однако быстрые темпы экономического роста сами по себе не могут гарантировать сокращение бедности и безработицы в стране, повышение благосостояния населения, решение острых социальных проблем. Текущий уровень бедности в Республике Казахстан составляет 5,3%, 1 миллион 619 тысяч человек, уровень безработицы – 4,7%, 452,2 тысячи человек. Бедность и безработица взаимосвязаны. С одной стороны, безработица ухудшает социальное положение граждан и приводит к бедности, с другой стороны, бедность ограничивает базовые потребности в качественном человеческом капитале, такие как поиск хорошей работы в будущем, получение образования, развитие. Цель исследования – изучить взаимосвязь между глубиной бедности, наемными работниками и показателями безработицы, а также создать многофакторную модель линейной регрессии. Для создания модели использовалось программное обеспечение Eviews. Результаты исследования показали, что безработица как зависимая переменная имеет тесную связь с наемными работниками и глубиной бедности как независимая переменная. Согласно модели можно сделать вывод, что безработица увеличивается по мере увеличения глубины бедности и снижается по мере увеличения числа наемных работников. На основе проведенного в исследовании анализа показаны пути повышения качества жизни.

Ключевые слова: экономический рост, безработица, бедность, рабочая сила, общественное благосостояние, качество жизни.

**IMPACT OF THE POVERTY INDEX ON UNEMPLOYMENT IN THE
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN****Abstract.**

The manifestation of economic development is characterized by economic growth. However, rapid rates of economic growth alone cannot guarantee a reduction in poverty and unemployment in the country, an increase in the well-being of the population, or a solution to acute social problems. The current poverty level in the Republic of Kazakhstan is 5.3%, 1 million 619 thousand people, the unemployment rate is 4.7%, 452.2 thousand people. Poverty and unemployment are interrelated. On the one hand, unemployment worsens the social situation of citizens and leads to poverty, on the other hand, poverty limits basic needs for quality human capital, such as finding a good job in the future, getting an education, and development. The purpose of the study is to study the relationship between the depth of poverty, employees and unemployment rates, as well as to create a multivariate linear regression model. Eviews software was used to create the model. The results of the study showed that unemployment as a dependent variable has a close relationship with employees and the depth of poverty as an independent variable. According to the model, it can be concluded that unemployment increases as the depth of poverty increases and decreases as the number of employees increases. Based on the analysis conducted in the study, ways to improve the quality of life are shown.

Key words: economic growth, unemployment, poverty, labor force, public welfare, quality of life.

REFERENCES

- 1 Kazakhstan Respublikasy Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttiginin Ulttyk statistika byurosy [Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan]. Available at: <https://stat.gov.kz> [in Kazakh] (accessed: 10.04.2024)
- 2 World bank (2022). The World Bank in Kazakhstan: Development news, research, data. The world bank, Kazakhstan, 2022. Available at: <https://www.worldbank.org/en/country/kazakhstan> [in English] (accessed: 11.04.2024)
- 3 Miladinov, G. (2020). Socioeconomic Development and Life Expectancy Relationship: Evidence From the EU Accession Candidate Countries. *Genus*, 76(1), 2. <https://doi.org/10.1186/s41118-019-0071-0> [in English]
- 4 Adam, D., Olingo, F.Z., & Santoso, I.R. (2022). Analysis of the influence of Education and unemployment on poverty in the North-North cooperation area. 8(1). P. 97-111. <https://doi.org/10.35906/jep.v8i1.1039> [in English]
- 5 Arkum, D., & Amar, H. (2022). The Influence of Economic Growth, Human Development, Poverty and Unemployment on Income Distribution Inequality: Study in the Province of the Bangka Belitung Islands in 2005-2019. *Journal Bina Praja*. 14(3). P. 413-422. <https://doi.org/10.21787/jbp.14.2022.413-422> [in English]
- 6 Dinar, M. I., Sifa, N., & Nurfahmiyati, N. (2022). Strategies in overcoming unemployment due to COVID-19 in Sukagalih Village, Bandung City. *Bina Ekonomi: Scientific Magazine Of The Faculty Of Economics, Parahyangan Catholic University*. 26(1). P. 63-75. <https://doi.org/10.26593/be.v26i1.5440.63-75> [in English]

7 Faizin & Moh. (2021). Effect of Minimum Wage, poverty and unemployment on HDI in East Java regency/ City. Journal of Ocean Economics and business. 12(2), P.214-227. <https://doi.org/10.33059/jseb.v12i2.3027> [in English]

8 Soma A., Later D.S. M., & Sumual J.I. (2021). Analysis of the effect of unemployment and poverty on economic growth in North Sulawesi. Efficiency. 21(5). P. 63-74. <https://ejournal.unsrat.ac.id/v3/index.php/jbie/article/view/36632> [in English]

9 Mukhamediyev, B.M., Temerbulatova, Z.S., & Gazda, J. (2022). Trends in Income Inequality and Economic Growth: a Bibliometric Analysis. Economics: the Strategy and Practice. 17(4). P. 158-169. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-4-158-169> [in English]

10 Kuzembekova R.A., & Zhanbyrbaeva A.N. (2022) Socio-economic factors of poverty in rural areas of Almaty region and prospects for their regulation. Economics: the strategy and practice. 17(3). P. 81-95. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-3-81-95> [in English]

Information about authors:

Asel Sagynbay - PhD candidate, department of «Economics», Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: sagynbayasel@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6861-4904>

Ryszhан Kabylkairatkyzy - **corresponding author**, PhD candidate, department of «Economics», Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: riszhan_1993@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4488-8342>

Galiya Dauliyeva - candidate of economic sciences, acting professor of the department of «Economics», Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: galiya.daulieva@kaznu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8233-9830>

Saltanat Kondybayeva - PhD, senior lecturer, department of «Economics», Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: saltanatcondybayeva@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3496-3545>

Информация об авторах:

Асель Сағынбай - докторант, кафедра «Экономика», Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: sagynbayasel@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6861-4904>

Рысжан Кабылқайратқызы - **основной автор**, докторант, кафедра «Экономика», Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: riszhan_1993@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4488-8342>

Галия Даулиева - кандидат экономических наук, и.о. профессора кафедры «Экономика», Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: galiya.daulieva@kaznu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8233-9830>

Салтанат Кондыбаева - PhD, старший преподаватель кафедры «Экономика», Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: saltanatcondybayeva@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3496-3545>

Авторлар туралы ақпарат:

Әсел Сағынбай - докторант, «Экономика» кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: sagynbayasel@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6861-4904>

Рысжан Қабылқайратқызы - **негізгі автор**, докторант, «Экономика» кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: riszhan_1993@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4488-8342>

Галия Даулиева - экономика ғылымдарының кандидаты, «Экономика» кафедрасының профессор м.а.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: galiya.daulieva@kaznu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8233-9830>

Салтанат Қондыбаева - PhD, «Экономика» кафедрасының аға оқытушысы, әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: saltanatkondybayeva@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3496-3545>